

**Ә. Сұймағанбетов, 2-курс**  
**Ғылыми жетекшісі: Т. С. Салкебаев, мемлекеттік-құқықтық пәндер**  
**кафедрасының аға оқытушысы**  
**(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды**  
**академиясы)**

## **КӨЛІКТЕГІ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Күрделі құбылысты жүйелі түрде түбегейлі зерделеу — функционалдық және құрылымдық талдау секілді бірінсіз-бірі жоқ, бүтіннің екі жағындай екі сатыдан тұрады. Осы сатылар мақаламыздың негізгі арқауын құрап отыр.

Функционалдык (қызметтік) құрылым: мақсаттар, міндеттер, қызметтер түрінде келетін мазмұндық элементтер иерархиясын құрайды. Осыдан келіп, КПО жүйесінің міндеттері мен функцияларын (қызметтерін) зерттеудің түп бастауы оның мақсатын талдау болып табылады. Елбасы Н. Назарбаев: «Мақсаттар айқындалмаса, басқару туралы сөз қозғаудың қажеті жоқ»,<sup>1</sup> — деген еді. Мақсат — философиялық категория ретінде үміттенген іске адам әрекеттерінің нәтижесінде қол жеткізуді, оның ұмтылысын, нені жүзеге асыруы керектігінің үлгісін бейнелейді. Ол адам өмірінің бастапқы қозғаушы күші болып табылады. Мақсаттар өздігінен пайда болмайды. Адамдар қоғамдық дамудың заңдылығын, қоршаған болмысты тани отырып, белгілі бір қандайда нақты тарихи шарттарға тән қажеттіліктерді айқындайды, олар адам санасында қалыптасқан мақсаттарда өзінің көрінісін табады.

Өз кезегінде адамның мақсаттары объективтік өмір арқылы туындайды және оны жорамалдайды.

Әрине, мемлекеттің қорғау қызметіне оның мазмұнының элементтерін санамалай отырып, мейлінше кең атау беруге болар еді. Алайда ол құқықтық қызметті талдаудағыдай мемлекеттің қорғау қызметіндегі көптеген маңызды тараптарды және нысандарды қамти алмайды. Бұл қызметті қысқа да нұсқа анықтап, оның қызметін меншікті қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын және т. б. сақтауды қамтитын құқықтық тәртіптік қорғау деп атасақ, жаңылыспаймыз<sup>2</sup>. Сондай-ақ біз белгілі ғалым Т. Н. Радьконың ұстанымын жақтаймыз. Оның ойынша, егер «құқықтық тәртіп» түсінігіне ауқымды мағына берілсе, меншік, азаматтардың құқықтары, еркіндіктері және заңды мүдделерін қорғау секілді қызмет бағыттары неліктен көрсетілмек, өйткені бұл жағдайда кең ауқымды түсінік барлығын қамтиды<sup>3</sup>. Егер де құқықтық тәртіп тар мағынада баяндалса, онда неліктен мемлекеттік-құқықтық қорғаудың мемлекеттік және қоғамдық құрылымы, табиғи ресурстар және қоршаған орта, халықтың мәдени және рухани құндылықтары және т. б. маңызды бағыттары аталмайды.

Заң ғылымында уақыт өте келе, алдыңғы қатарлы парадигмаларды жаңартуға және ауыстыруға үндеулер көрініс табады. Мысалы, И. И. Сыдоруктың әкімшілік құқық үшін құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету тек оның қоғамдық орындарда қорғалуын мемлекеттік әкімшіліктің шағын ерекшеліктегі бақылау және милиция арқылы қоғамдық қатынастар және мәжбүрлі әкімшілік-құқықтық шараларды қолдануға тән сипаттағы мәліметтер әкімшілік-құқықтық ғылымды айтарлықтай біріктіріп және сондай-ақ оның елімізде құқықтық тәртіпті орнатудағы құрылымдық ұсыныстарын шығаруда мүмкіндіктерін, қылмысқа және құқық бұзушылыққа қарсы әрекеттің тиімділігін тарылтады деген пікірі, біздіңше, әділетті<sup>4</sup>.

Құқықтық тәртіпті қорғауды бүтіндей немесе жартылай өз алдына мемлекет қызметі деп қарастыруға болмайды деген пікір бар. Бұған құқықтық тәртіптің, бір жағынан, мемлекет қызметінің заңнамалық түрінің жемісі, екіншіден, мемлекеттің барлық қызметін (әртүрлі деңгейде болса да) жүзеге асырудың маңызды құралы дейтін дәйек дерек ретінде келтіріледі. Өз алдына бұл дәйектер қайшылықтар туындатпайды. Сөйте тұра, ол мемлекеттің құқық қорғау қызметін жоққа шығаруда қолданылмайды.

Арнайы әдебиеттерді (философиялық, басқарушылық, экономикалық және т. б.) талдағанымызда, қызмет жалпы мағынада қандайда бір заттың сыртқы қасиеттерінің, екінші бір объектіге қатысты құбылыстарының айқындалуы болып табылады. Әлеуметтік басқару жүйесінде олардың өзіндік қасиеттері әрекет арқылы ғана көрініс табады. Мақсатты әрекетке құрылған функция объектінің көрсеткіші ғана емес, мақсатты бағыттылығы бар, басқаша айтқанда, әрекеттің таңдалған объектіге, нысандар тобы немесе тіпті объектінің жекеленген жақтарына, оның өзіндік белгілеріне және қатынастарына бағытталған белгілі бір сипатқа ие болады.

Функцияларды орган қызметінің материалдық мазмұнын және олардың құқықтық актілерде бекітілуін араластыруға болмайды. КПО ұйымдастырылуы және қызметінің тәжірибиесін, сондай-ақ олардың қызметін реттейтін нормативтік актілерді зерттеу, бір жағынан, КПО негізгі функцияларының алуан сипатын, екінші жағынан, нақты КПО жүйесі үшін кешеннің даралығын көрсетеді. Объектінің ықпал ету ерекшеліктері және олардың қызмет ету ортасы арқылы алдын ала анықталады.

- <sup>1</sup> Назарбаев Н. А. Стратегия становления и развития Казахстана, как суверенного государства. — Алматы, 1993. С. 9.
- <sup>2</sup> Братко А. Г. Правоохранительная система (Вопросы теории). — М., 1991. С. 41.
- <sup>3</sup> Радько Т. Н. Понятие и структура функции охраны социалистического правопорядка // Проблемы дальнейшего укрепления социалистической законности в деятельности органов внутренних дел: Межвуз. сб. научн. трудов. — Киев, 1986. С. 8.
- <sup>4</sup> Сыдорук И. И. Государственно-правовой механизм обеспечения правопорядка в Российской Федерации (теоретическое административно-правовое исследование): Автореф. дис. ... д-ра. юрид. наук. — М., 2002. — С. 12.